

"Сарысу ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" Сарысу аудандық мәслихатының 2015 жылғы 31 наурыздағы № 42-10 шешіміне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2015 жылғы 27 мамырдағы № 44-4 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 маусымда № 2665 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 20 желтоқсандағы № 25-6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 20 желтоқсандағы № 25-6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан күннен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е ск е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6 бабының 2-3 тармағына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. "Сарысу ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" Сарысу аудандық мәслихатының 2015 жылғы 31 наурыздағы № 42-10 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2608 болып тіркелген, 2015 жылғы 18 сәуірдегі № 40-41 аудандық "Сарысу газетіне жарияланған) келесі өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасында:

3 тармақ 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) ең төмен күнкөріс деңгейі – Жамбыл облысының статистикалық органдары есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну есебінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс";

8 тармақтың 2 абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"- ең төмен күнкөріс деңгейінің жеті еселік көлемінен аспайтын орташа табысы бар, әлеуметтік мәні бар туберкулез ауруымен ауырып, амбулаториалық жағдайда ем жалғастырушы тұлғаларға 14 000 (он төрт мың) теңгеден үш ай қатарынан әлеуметтік көмек көрсетіледі".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы, қаржы және бюджет, қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану, әкімшілік-аумақтық құрылышы, кәсіпкерлік және ауылшаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрагасы
Л. Асанова*

*Аудандық мәслихат
хатшысы
Б. Дондаулы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК